ҚАРАЛДЫ

№1 педагогикалық кеңесте

«31» тамыз 2021 ж

БЕКІТЕМІН

«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры

__________ *Кобиланов Р. Ж.*

КЕЛІСІЛДІ

Әйтеке би аудандық білім бөлімі басшысы

__________ *Б.Д.Сейлханов*

«___» ____ 2021 ж

# Тақырыбы: *«Шебер қолдар»*

Мектепалды даярлық класы

(вариативтік компонент)

**ОРЫНДАДЫ**:

МАД тәрбиешісі ***Калданова Р.Т.***

**№1 әдістемелік бірлестік отырысында қаралды:**

Әдістемелік бірлестік жетекшісі

__________***Үбаева Г.Т.***

26.08.2021ж.

**ТЕКСЕРІЛДІ**:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

__________***Калданова Б.С.***

27.08.2021ж.

**Тереңсай ауылы**

## Түсінік хат

Мектепады дайындық сыныбына «Шебер қолдар» бағдарламасы балалардың еңбек тәрбиесі – ол баланың  еңбек етуге деген психологиялық даярлығын, еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, сонымен бірге еңбек тәртібі мен мәдениетін меңгерту болып табылады.

Бала  бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сүру еңбегіне даярлау керек…Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек… Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет»- деп жазады.

Еңбек тәрбиесі отбасында әр түрлі жолдармен іске асады. Балалар өзіне-өзі қызмет көрсетуге кеңінен қатыстырылады. Олар үй шаруашылығында көптеген міндеттер атқарады.  Балалар мен ересектердің бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіншілік болады.

Еңбек баланың адамгершілік, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық дамуының ең бір басты факторы. Осы сатыда қалыптасқан дағды баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, меңгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады.  Ұсынылып отырған бағдарлама балалардың еңбек әрекетіне қатысуға қызығушылығын дамыту мақсатын көзейді.

**Мақсаты**:

- ✓ *Балалардың еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру*
- ✓ *Мүсіндеудің бала тәрбтесінде алатын маңызы өте зор. Мүсіндеу арқылы баланың саусақ маторикалары дамиды, ой- қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.*

**Міндеті**:

- ✓ Балалардың белсенділік, іскерлік және еңбекті құрметтеу қасиеттерін дамыту;
- ✓ Жұмыс барысында табиғи материалдарды орынды қолдану іскерліктерін жетілдіру;
- ✓ Ұйымдастырушылық қабілеттерін, ұжымдық еңбекте ынтымақтастық сезімдерін дамыту.

## Ақпараттық - әдістемелік бөлім

«Шебер қолдар» бағдарлама бөлімнің мазмұны балаларда қағазбен жұмыс жасау барысында басқа да іс-әрекеттің түрлерімен байланыс жасау арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды деп болжайды.

Бағдарламаның бөлімдерін жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі балаларда шығармашылық қабілеттерді дамытуға қажетті құралдарды таңдап алуға, жақсы нәтиже көрсетуге деген талпыныс, меңгерілген қабілеттерді еркін пайдалану, қағаздардан құрастыру арқылы түрлі бұйымдар жасау сияқты қабілеттер пайда болады.

Қағаздардан бұйымдар жасаудың ең маңызды мақсатының бірі баланың жеке тұлға болып қалыптасуы, оның икемділігімен шығармашылық қабілеті, зиялылығын дамыту. Шеберлікке үйрету балалардың табиғи өзіндік қабылдауын жоймайды. Қағаздан құрастыру үрдісі арқылы балаларда жалпылай ойлау, көркемдік талғам, жинақылық дамиды. Қағаздан құрастыру іс-әрекеті баланың көңілін шоғырландырады себебі бұйым жасау үрдісінде ойлауға, ауызша түсіндіргенді қабылдауға сонымен қатар есте сақтау қабілетін жақсартады.

Қағаздан құрастыру барысында балалар бүктеу, қию, желімдеу сияқты жұмыстың түрлерімен танысады. Балаларда қолмен жұмыс жасау, нақты қозғалыстарға саусақтарды үйрету, көз өлшемдерін дамытады. Бұйым жасау үрдісі барысында түс, пішін, көлемдерді бір-бірінен айыра білуге үйренеді. Қағазбен жұмыс жасаудың ең маңызды сәті – балалардың өзіндік шығармашылық іс – әрекетімен байланыстыру.

## Мазмұндық бөлім

| № | Тақырыбы | Мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | «Қағаздан не құрастырылады?» | Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру |
| 2 | «Мысық пен тышқан» | Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру |
| 3 | «Саңырауқұлақ» оригами | Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту |
| 4 | «Жұлдызқұрт» | Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету |
| 5 | «Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами | Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру |
| 6 | Тасбақа | Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру |
| 7 | Кірпі | Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру |
| 8 | Балық | Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету |
| 9 | Гүлдер. Қағаздан біріктіру | Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру |
| 10 | Шырпы қораптарынан машина жасау | Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру |
| 11 | Сандықша | Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету |
| 12 | «Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс | Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету |
| 13 | Рамкалар жасау | Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру |
| 14 | Шырша | Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру |
| 15 | Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс | Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау |
| 16 | Жаңа жылдық безендіру ( Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс) | Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру |
| 17 | Аққала | Балаларға қағазды умаждау арқылы домалақтап, бір-біріне желімдеп, аққала жасату |
| 18 | «Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка) | Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру |

| | | |
|---|---|---|
| 19 | Пингвин | Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету |
| 20 | Өз бетінше жұмыс | Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау |
| 21 | Үй | Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету |
| 22 | Досыма арналған альбом | Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс- тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу |
| 23 | Көңілді шеберхана | Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену |
| 24 | Ит<br>(Табиғи материалдармен жұмыс) | Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру |
| 25 | Аналарға сыйлық<br>( Құттықтау ашық хат) | Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау |
| 26 | Көбелек<br>( Табиғи материалмен жұмыс) | Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу |
| 27 | Қамшы өру | Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу |
| 28 | Құстар ұясы | Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету |
| 29 | Желкенді қайық | Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту |
| 30 | Ұшақ | Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарының сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету |
| 31 | Табиғи материалдармен жұмыс | Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау |
| 32 | Үйрек<br>(Оригами) | Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру |

# Нормативтік бөлім
# «Шебер қолдар»
# Барлығы – 32 сағат. Аптасына – 1 сағат.

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Көрнекілігі | Пәнаралық байланыс | Қолданылатын әдебиеттер | Сағат саны | Уақы-ты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Қағаздан не құрастырылады?» | Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру | «Балақай» бағдарламасы Ортаңғы топ «Жебе» баспасы, 2007ж. | Қағаздар | «Кел, балалар ойнайық!» Алматыкітап 2019 жыл | 1 | 3.09 |
| 2 | «Мысық пен тышқан» | Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру |  | Суреттер, жапырақтар | Мұғалім. kz, №8, 2019 жыл | 1 | 10.09 |
| 3 | «Саңырауқұлақ» оригами | Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту | «Зерек бала» бағдарламасы | | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2019 жыл | 1 | 17.09 |
| 4 | «Жұлдызқұрт» | Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету |  | Мүсіндеу | «Қазақтын ұлтық ойындары» Алматыкітап 2020 жыл | 1 | 24.09 |
| 5 | «Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами | Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру | | Аппликация | «Кел, балалар ойнайық!» Алматыкітап 2019 жыл | 1 | 1.10 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Тасбақа | Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру |  | Мүсіндеу | «Отбасыжәне балабақша» журналы. 2020 жыл | 1 | 8.10 |
| 7 | Кірпі | Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру |  | Сур салу | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2020 жыл | 1 | 15.10 |
| 8 | Балық | Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету |  | Мүсіндеу | «Кел ойнайық балақай» 2019 жыл | 1 | 22.10 |
| 9 | Гүлдер. Қағаздан біріктіру | Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру | | Аппликация | «Қазақтын ұлтық ойындары» Алматыкітап 2018 жыл | 1 | 29.10 |
| 10 | Шырпы қораптарынан машина жасау | Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру |  | Аппликация | «Кел ойнайық балақай» 2020 жыл | 1 | 12.11 |
| 11 | Сандықша | Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету | | Сурет салу | «Отбасыжәне балабақша» журналы. 2020 жыл | 1 | 19.11 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | «Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс | Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету | | Сөйлеуді дамыту | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2019жыл | 1 | 26.11 |
| 13 | Рамкалар жасау | Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру |  | Аппликация | Мұғалім. kz, №8, 2019 жыл | 1 | 3.12 |
| 14 | Шырша | Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру |  | Мүсіндеу | «Отбасыжәне балабақша» журналы. 2020 жыл | 1 | 10.12 |
| 15 | Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс | Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау | | Аппликация | Мұғалім. kz, №8, 2019 жыл | 1 | 24.12 |
| 16 | Жаңа жылдық безендіру ( Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс) | Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру |  | Мүсіндеу | «Қазақтын ұлтық ойындары» Алматыкітап 2019 жыл | 1 | 14.01 |
| 17 | Аққала | Балаларға қағазды умаждау арқылы домалақтап, бір-біріне желімдеп, аққала жасату | | Математика, сурет салу | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2019жыл | 1 | 21.01 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | «Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка) | Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру |  | Сурет алу | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2018жыл | 1 | 28.01 |
| 19 | Пингвин | Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету | | Көркем әдебиет | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2018жыл | 1 | 4.02 |
| 20 | Өз бетінше жұмыс | Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау |  | Мүсіндеу | Мұғалім. kz, №8, 202 жыл | 1 | 18.02 |
| 21 | Үй | Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету |  | Апплиикация | «Кел ойнайық балақай» 2010 жыл | 1 | 25.02 |
| 22 | Досыма арналған альбом | Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс- тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу | | Сурет салу | Мұғалім. kz, №8, 2018 жыл | 1 | 4.03 |
| 23 | Көңілді шеберхана | Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу | | Сурет салу | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2019жыл | 1 | 11.03 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену | | | | | |
| 24 | Ит (Табиғи материалдармен жұмыс) | Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру |  | Сурет салу | «Кел, балалар ойнайық!» Алматыкітап 2019 жыл | 1 | 18.03 |
| 25 | Аналарға сыйлық ( Құттықтау ашық хат) | Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау | | Аппликация | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2018жыл | 1 | 1.04 |
| 26 | Көбелек ( Табиғи материалмен жұмыс) | Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу |  | Аппликация | «Кел, балалар ойнайық!» Алматыкітап 2019жыл | 1 | 8.04 |
| 27 | Қамшы өру | Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу | | Сурет салу | «Кел ойнайық балақай» 2020 жыл | 1 | 15.04 |
| 28 | Құстар ұясы | Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету |  | Көркем әдебиет | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2019жыл | 1 | 22.04 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 29 | Желкенді қайық | Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту |  | Аппликация | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2019жыл | 1 | 29.04 |
| 30 | Ұшақ | Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарының сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету |  | Суретсалу | «Отбасы және балабақша» журналы. 2020 жыл | 1 | 6.05 |
| 31 | Табиғи материалдармен жұмыс | Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау | | Сурет салу | Мұғалім. kz, №8, 2018 жыл | 1 | 13.05 |
| 32 | Үйрек (Оригами) | Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру |  | Аппликикация | «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2019 жыл | 1 | 20.05 |

**Оқушыларға арналған әдебиеттер:**


1. Бейнелеу өнері. Әліппе дәптері. Қ.Т. Байғабылова, Ғ.Т. Момынәлиева, Д.Ж. Мамырбаева, Е.В. Козлова
2. «Удивительная бумага» И. Черныш
3. «Оригами для малышей» И.А. Коротеев
4. «100 поделок из бумаги» Г.И. Долженко
5. «Поделки из природных материалов» Ф.Т. Филенко
6. «Отбасы және мектеп» журналы. 2020 жыл
7. «Мектепалды даярлық» журналы. № 3, 2020 жыл
8. «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2019жыл
9. «Кел ойнайық балақай» 2020 жыл
10. «Ақ сандық, көк сандық» Алматы «Жазушы» 2019 жыл.


**Мұғалімге арналған әдебиеттер:**


1. Қол еңбегі 5-6 жасқа арналған авторлары: Ф.Н.Жұмабекова А.А.Ойшыбаева
2. Сиқырлы қолдар 5-6(7) жасқа дейінгі балаларға арналған
3. қол еңбегі және құрастырулар Шымкент 2014
4. Сделаю сам Алматы «Просвещение-Казахстан»авторы:Т.Н.Доронова, С.И.Мусиенко,Ф.Н.Жумабекова
5. 5-6 жастағы балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге арналған әдістемелік құрал авторы:В.М.Кошелев
6. Ә.Алдабергенов «Алматы», «Ойнай біл, ойлай біл» 2020 жыл
7. «Айгөлек» Республикалық балалар журналы №5, 2019 жыл
8. «Мөлдір бұлақ» журналы
9. «Айгөлек» республикалық балалар журналы
10. Мұғалім. kz, №8, 2018 жыл

**ҚАРАЛДЫ**

**№1 педагогикалық кеңесте**

**«31» тамыз 2021 ж**

**БЕКІТЕМІН**

**«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры**

**_______ *Кобиланов Р. Ж.***

**КЕЛІСІЛДІ**

**Әйтеке би аудандық білім бөлімі басшысы**

**_______ *Б.Д.Сейлханов***

**«__» ____ 2021 ж**

# Тақырыбы: *«Сөйле, балдырған»*

Мектепалды даярлық класы

(вариативтік компонент)

**ОРЫНДАДЫ**:

МАД тәрбиешісі *Калданова Р.Т.*

**№1 әдістемелік бірлестік отырысында қаралды:**

Әдістемелік бірлестік жетекшісі

_______________ ***Үбаева Г.Т.***

26.08.2021ж.

**ТЕКСЕРІЛДІ**:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

_______________ ***Калданова Б.С.***

27.08.2021ж.

**Тереңсай ауылы**

## Түсінік хат

Мектепалды дайындық сыныбына «Сөйле, балдырған» бағдарламасы ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе. Үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, өскен кезде жұмыста да көбнесе сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер ең алдымен тәрбиені ойын арқылы алады. А. С. Макаренко. Тақырыптың өзектілігі: Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілімізді мұраға қалдыруға тиіспіз... «деген талабына орай.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының «Қатынас» білім беру саласының мазмұнына сәйкес, орыс тілді топтардағы балалардың қазақ тілінде коммуникативтік-тілдік құзіреттілігін қалыптастыру заман талабы десек елбасымыз «Қазақстан білім қоғамы жолында» тақырыбындағы баяндамасында «Озық халықаралық тәжірибелер негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда заманауи оқыту әдістемелерін енгізу керек. Олар инновациялық білім беру технологияларыкреативті болуы тиіс» деген. Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тілді үйретуге арналған «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламаларды пайдалана отырып тиімділігін арттырамыз. Алғашқы тіл сабақтарынан бастап, баланы өзге тілде сөйлетуге қызықтыратын, айналасындағы зат, құбылыстардың қазақша аталуын үйрету үшін қолданылатын ыңғайлы әдістердің бірі – ойындар. Мектепке дейінгі оқытуды ойын технологиясын қолдану арқылы ұйымдастыру - ең басты мәселелердің бірі. Баланың жасына және психологиялық ерекшелігіне қарай берілетін бағдарлама материалдарын тындалым, айтылым, тілдесім әрекетін қалыптастыру арқылы меңгерту, үйренген білім дағдыларын бекіту жұмыстары ойын арқылы жүзеге асырады. Қазақ тілі дыбыстарына арналған альбомдар, ойын-жаттығулар, аударма сөздіктер, санамақ, өлеңдар жинақталуы керек. Әсіресе қолданылатын материалдар қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін танытарлықтай болуы керек. Мектеп жасына дейінгі балалардың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл – қозғалысы – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше.

**Мақсаты**:

Мемлекеттік тілді үйренуге дайын, ересектер мен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға талпынысы бар мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптастыру. Тілдік қарым-қатынас іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру Ойын технологиясын қолдану арқылы баланың тілге деген қызығушылығын дамытып қалыптастыру және ұлттық ойын элементтерін қолдану арқылы салт-дәстүрді білуге, сүюге тәрбиелеу.

**Міндеттері**:

Баланың сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға әзірлігін дамыту - Сөздік қорын байытып, сөйлеу барысында қолдану - Тілдің грамматикасын дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру - мектепке дейінгі кіші жастағы баланың қызығушылығын қазақтың ұлттың ойыны арқылы арттыру - бала бойында маңызды, шешуші құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы пәндік-даму ортасын құру; - тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлігі мен басқа да бала әрекеті түрлерін қалыптастыру; - ұлтжандылық пен халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпыадамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарды дарыту.

**Күтілетін нәтиже:**

Баланың тыңдалым, айтылым, тілдесім әрекеттерін қалыптастырады.

Бала ойындарының мазмұны келесідей кезектілікпен дамиды:

- дидактикалық (ой-өрісті кеңейту, танымдық іс-әрекет; практикалық ісәрекетте қажет белгілі бір қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру және т.б.);
- дамытушылық (назарды, есте сақтауды, сөйлеуді, ойлауды, көз алдына елестетуді, қиялды, шығармашылық идеяны, заңдылықтарды орнату, оңтайлы шешімді табу қабілетін және т.б. дамыту);
- тәрбиелеуші (өз еріктерін тәрбиелеу, мінез-құлық, эстетикалық және дүниетанымдық позицияларын қалыптастыру, ынтымақтастықты, бірлестікті, тіл табысушылықты және т.б. тәрбиелеу); баланың үйлесімді дамуы.

## Мазмұндық бөлім

| № | Тақырыбы | Мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | Менің отбасым | Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. |
| 2 | Ата - баба дәстүрі амандықтың белгісі | Балаларды киіз үй құрлысымен таныстыру.Баланың сөздік қорын молайту арқылы, салт – дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру. |
| 3 | Қоян, қонжық | Аю мен қоянның балаларымен, олардың сыртқы түрлерімен таныстыру. Суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрату арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. |
| 4 | Қуыршақты шомылдырып ұйықтатамыз | Балаларға дұрыс жуыну ережелерін үйрету, киімдерді ретімен шешуді, киімдердің атын атай білуге үйрету. |
| 5 | Киім дүкені | Балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. |
| 6 | Бауырсақтың саяхаты. | Балалардың қазақ тілге деген қызығушылығын арттырып, ойын әдісі арқылы мемлекеттік тілді үйрете білу. |
| 7 | Жыл мезгілдері | Жылды төрт маусымға бөліп, маусымына қарай құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастырып, білімдерін тереңдету. |
| 8 | Ертегілер еліндегі шалқан. | Балаларға ертегілер туралы көркем мағлұмат бере отырып диалогты сөйлеуін,әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру. |
| 9 | Үй жануарлары қалай дыбыстайды? | Үй жануарларымен таныстыру. Жануарлардың дауыстары жазылған үнтаспаны тыңдату арқылы «Жануарлар қалай дыбыстайды?» сұрағына жауап беруге үйрету. |
| 10 | Ормандағы аңдар | Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін тереңдету. Олардың үрлерін бір-бірінен ажыратуға үйрету. |
| 11 | Ормандағы саяхат | Балалардың сөз байлықтарын дамыту. Ойлау,сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту, сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, айналадағы өмірді бақылау арқылы дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, мұғалімнің сұрағына түсініп, жауап беруга үйрету. |
| 12 | Тазалық - таза баланың досы | Тазалық бұйымдарымен таныстыру. Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу. |
| 13 | Дәмхана. | Азық-түлік өнеркісібінің қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін нақтылау. Балаларға рөлдерді бөлуге және рөлдері бойынша әрекет етуге көмектесу, өз беттерімен қажетті құрылыстарды салуға үйрету, балалардың тілектестік-қарым қатынас дағдыларын қалыптастыру. |
| 14 | Азық түліктер | Балалардың тіл байлығын дамытып,сөйлеу дағдысын қалыптастыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқыза білу. |
| 15 | Кітапхана | Ойын барысында қоршаған орта туралы алған білімдерін, кітапханалардың әлеуемттік маңыздылыған көрсету. |
| 16 | Пошта | Ойын кезінде балаларға ауыспалы заттарды қолдануды үйрету, өз қиялынан туған жағдаятты түсініп соған сәйкес әрекет ету. |
| 17 | Қазақ тіліне тән дыбыстар | Мұражай қызметі, оның қажеттілігі туралы балалардың түсініктерін бекіту. |
| 18 | Қазақ тіліне тән дыбыстар | Балалар қазақ тіліне тән дыбыстарды дыбыстары қайталау тақырыбы бойынша толықтыру, дамытуды ұйымдастыру,сөздерді, тапсырмалараrқылы сөздерді аударып, талдау арқыл балалардың біліктілігін дамыту, балалардың тілге, сабаққа қызығушылығын арттыру. |
| 19 | Химиялық тазарту | Рөлдерді орындау сапасына бағытталған бірлескен іс-әрекетті қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| 20 | Құтқару қызметі | Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай жасау және ынталандыру, ойын желісіне сәйкес шағын топтарға бөліне білуді және белгілі бір ойын әрекеті аяқталғанда тұтас ұжымға біріге білуді қалыптастыру. |
| 21 | Редакция | Сюжетті-рөлді ойын барысында әлеуметтік өмірде болып жатқан жағдайларды көрсету, саяхат, бақылау барысында көргендерін ойынға айналдыру біліктерін қалыптастыру. |
| 22 | Көрсет және қайтала! | Ойын диалогын үлгілеуге үйрету, өткен оқу ісәрекетінде алған білімдерін бекіту. |
| 23 | Театр | Балаларды мәдени мекеме мен олардың әлеуметтік маңыздылығы туралы ұғымдарын қалыптастыру. |
| 24 | Дизайнерлік студия | Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу. |
| 25 | Сәндік құрақ құрау | Сәндік құрақты құрау жолдарын үйрету. Қазақ халқының терең тамырлы өнегел әдет ғұрпын салт-дәстүрін, мәдени мұрасын, окушылар бойына дарытып, іскерлікке баулу. |
| 26 | Наурыз мерекесі. | Ойында ұлттық мерекелермен салт-дәстүрлерді айқындап көрсету. Өз бетінше рөлдерді сәйкес бөлу олармен бірге іс әрекетті, диалогты рөлдік моделдеуге қоғамдық өмірде ойын түрін айқындап үйретуді жалғастыру |
| 27 | Қандай | Түстер: қызыл, сары, жасыл, көк, жасыл сөздерін дұрыс айтуға және түстердің атауларын қазақ тілінде айта білуге үйрету |
| 28 | Ұшады - ұшпайды | Заттардың қасиеттеріне қарай талдауға, олардың аттарын атай білуге үйрету. |
| 29 | Құстар біздің досымыз | Құстар біздің досымыз Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып,оны күтіп-баптауға,аялауға,оларға мейірімділікпен карауға тәрбиелеу. |
| 30 | Теңізшілер. Балықшылар. | Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. |
